

*БЕКІТЕМІН:*

*Мектеп директоры:*

*Н.К. Шокаев*

**«Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Аңғал батыр  
ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Біртұтас  
тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша  
2023-2024 оқу жылына арналған  
ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ**

**Педагогикалық кеңесте қарастырылды**

**« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2023 жыл хаттама**

**№ \_\_\_\_\_**

## 2023-2024 оқу жылына арналған КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
  2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
  3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
  4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
  5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
  - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
  - Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
  - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

**Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.***

**Ұлттық мүдде құндылығы:**

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

**Күтілетін нәтижесі:**

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадырлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

**Ар-ұят құндылығы:**

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету;
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірімшесі екенін сезіну.

**Күтілетін нәтижесі:**

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

**Талап құндылығы:**

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;

- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

**Күтілетін нәтижесі:**

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

## ҚЫРКҮЙЕК – Білім айы

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>					
1	1 қыркүйек-Білім күні. «Мектебім мейірім мекенім» <i>Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу</i> <i>Ұлттық мүдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу</i>	1 – 11 сынып Сынып жетекшілер	Салтанатты жиын. Сынып сағаттары	Бейнеролик жасау, фотоесеп, сайтқа салу.	ДТІЖО Сынып жетекшілер.
2	«Сәлем, жаңа оқу жылы» (Жаңа оқу жылына қош келдіңдер!) «Еңбегі адал жас өрен» жобасын іске асыру ) <i>Ұлттық мүдде: салауатты өмір салтын ұстану</i> <i>Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу</i>	5-сынып оқушыларына орта буынға тез бейімделуіне көмектесу	оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнату.	Тәрбие сағаты, жиналыс	Сынып жетекші Султанова Б.К.
3	Қауіпсіздік ережелерімен,	1-8 сынып	әңгімелер, сынып	Қол қою	ДТІЖО

	<p>жолда жүру ережелерімен таныстыру. Жол қозғалысы ережелері бойынша онкүндік "Балалар назарына!" профилактикалық іс-шаралар өткізу <b>Талап:</b> салауатты өмір салтын ұстану <b>Ұлттық мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету</p>		сағаттары, викториналар бейнероликтер	Мектептің инстаграмм, фейсбук парақшаларына салу Онкүндіктің аяқталу мерзімінде	Сынып жетекшілер.
4	<p>Кітапханаға саяхат. Сөредегі жаңа кітаптар. Бір кітап – бір отбасы. Менің сүйікті ертегім. Мен үлгі тұтатын кейіпкер. Менің жазда оқыған кітабым <b>Талап:</b> Білуге, жаңаны тануға құштар болу; <b>Ұлттық мүдде:</b> ұлттық мұраға ұқыпты қарау</p>	1-4	әр түрлі формада	Жоспар. Әлеуметтік желілерге жариялау	Мектеп кітапханашысы Сатаева Ш.К.
5	<p>Мектепке жол акциясы. <b>Ар-ұят:</b> Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;</p>	1 сынып	Акциялар	Хаттама, қол қойылған ведомость, жариялау.	ДТІЖО Әлеуметтік педагог Балтбаева К.С.
6	<p>Адалдық сағаттары. «Адал ұрпақ» клуб мүшелерінің отырысы.</p>	8 – 11 сынып	отырыс	Жоспар құру	«Адал ұрпақ» клубы мүшелері.

	«Күнделікті өмірдегі адалдық» <i>Ар-ұят: адал еңбекті құрметтеу</i>				
7	ҚР халықтарының Тілдері күні мерекесін ұйымдастыру. Тілдер күні онкүндігі (жеке жоспар бойынша) <i>Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу</i>	1 – 11 сынып	Іс – шаралар Бірыңғай диктант жазу челленджі	Жоспар, фотосепп	Тіл мамандары
8	«Толық адам» ілімі («Жеткіншектің Жеті Жарғысы») <i>Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану</i> <i>Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу</i>	10-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері
9	Мектептегі психологиялық ахуалды зерттеу (Буллингтің алдын алу) <i>Ар-ұят: Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.</i>	5 – 11 сынып	анонимді	Тест жауаптары	Рахимжанова М.Т.
10	«Күзгі вернисаж-2023» сурет көрмесі <i>Талап: Сыни және</i>	1-4 сынып	байқау	Әлеуметтік желілерге жариялау	Сынып жетекшілер Технология пәнінің мұғалімі



	<i>креативті ойлау;</i>				
11	«Еңбек күні» мерекесі «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері». «Менің жетістігім- менің нәтижем» еңбек күнін мерекелеу (жеке жоспар бойынша ) <b>Ұлттық мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету <b>Ар-ұят:</b> халқына адал қызмет ету	5-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
12	"Мерейлі отбасы" Ұлттық Отбасы күніне арналған конкурстар (жеке жоспар бойынша). <b>Талап:</b> дұрыс қарым-қатынас орната білу	1– 11 сынып	Ертеңгіліктер, сынып сағаты, түрлі мәдени іс-шаралар	Жоспар. Сайтқа жариялау. Есеп.	Тәлімгер Курманбаев М.Б. «Өзін –өзі басқару» ұйымы
13	«LD BATTLE!» Республикалық челлендж. Пікірсайыс шеберлігі <b>Талап:</b> Сыни және креативті ойлау	8-11	пікірталас	Есеп, әлеуметтік желілерге жариялау	Дебат жетекшісі Айтмағанбетова А.Т.
14	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірге!» аудандық бейнеролик, плакат байқауы <b>Ар-ұят:</b> Халқына адал	9-11	спорттық акция	Есеп, әлеуметтік желілерге жариялау	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Қадырбек Е.Н. Калиев С.К.

	<i>қызмет ету</i>				
15	«Дене сергіту» челленджі <b>Талап:</b> физикалық белсенді болу. <b>Талап:</b> салауатты өмір салтын ұстану <b>Ар-ұят:</b> әдеп нормаларын ұстану	1-4 сыныптар 5-9 сыныптар	Челлендж	Әлеуметтік желілерге жариялау	Аға тәлімгер, дене шынықтыру пәні мұғалімдері
16	«Денсаулық және дұрыс тамақтану» <b>Ұлттық мүдде:</b> Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	сынып жетекшілер
17	«Менің жетістігім- менің нәтижем» еңбек күнін мерекелеу (жеке жоспар бойынша ) <b>Талап:</b> Сыни және креативті ойлау	1-11	Сынып сағаттары	Анықтама, фотоесеп	Сынып жетекшілер
18	Арнайы мамандармен профилактикалық жұмыс (қыздар жиналысы) Алдын алу түсіндірме жұмыстары <b>Ар-ұят:</b> әдеп нормаларын ұстану	8-11 сыныптар	Дөңгелек үстел	Хаттама	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, медбике, сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог, психолог
19	«Дабыл» сигналындағы іс - әрекет	1-11	эвакуация жаттығуы	қорытынды	АӘТД мұғалімі Негметжанов А.З.

20	<p>Қамқоршылық кеңесі жұмысы</p> <p><b>Талап:</b> халқына адал қызмет ету</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету</p>	<p>ауыл белсенділері</p>	<p>Кездесу</p>	<p>Отырыстың хаттамасы</p>	<p>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері</p>
21	<p>Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы</p> <p><b>Ар-ұят:</b> Өз отбасының, сыныптың мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну</p>		<p>жиналыс</p>	<p>Хаттама, әлеуметтік желілерге жариялау</p>	<p>ДТЖО, мектеп психологы</p>
22	<p>Жемқорлыққа жол жоқ!</p> <p><b>Ар-ұят:</b> халқына адал қызмет ету</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету</p>	<p>9-11</p>	<p>Қабырға газеті байқауы</p>	<p>Әлеуметтік желіге жариялау</p>	<p>Аға тәлімгер</p>
23	<p>«Жас құтқарушылар» командасын жасақтау</p> <p><b>Талап:</b> жеке және командамен жұмыс істей білу</p> <p><b>Талап:</b> салауатты өмір салтын ұстану</p> <p><b>Ар-ұят:</b> сөзіне берік, ісіне адал болу</p>	<p>6-7 сыныптар</p>	<p>Оқушылармен кездесу</p>	<p>Деректер базасы</p>	<p>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер, сынып жетекшілер, АӘТД мұғалімі</p>

## ҚАЗАН – Алаш азаматтарын ұлықтау айы

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны С. Торайғыровтың туғанына 130 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>					
1.	1 қазан - Қарттар күні. «Қарты бар ел қазыналы» <b>Ар-ұят:</b> әдеп нормаларын ұстану <b>Ұлттық мүдде:</b> ұлттық мәдениетті дәріптеу <b>Талап:</b> дұрыс қарым-қатынас орната білу	1 – 11 сынып	тәрбие сағаты	Бейнеролик жасау, фотоесеп, сайтқа салу.	Сынып жетекшілер. Тәлімгер

2.	<p>Дублер күні! Ұстазыма алғыс!</p> <p>Дублер күні</p> <p><i>Ар-ұят: адал ңбекті құрметтеу</i></p> <p><i>Талап: дұрыс арым-қатынас орната білу</i></p> <p><i>Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету</i></p>	9,11 сынып оқушылары	сынып сағаттары, дублер күні, мерекелік концерт	Жеке жоспар, бейнеролик, фотоесеп	ДТІЖО аға тәлімгер, «Өзін –өзі басқару» ұйымы
3.	<p>16 қазан –Нан күні</p> <p>Нан туралы ғибратты әңгімелер.Нанның дастарханға жету жолы</p> <p><i>Ар-ұят: Кішіге ізет, үлкенге құрметкөрсетеді.</i></p>	1-4	Сынып сағаттары	Жеке жоспар	Сынып жетекшілер
4.	<p>Өзін-өзі басқару ұйымын және белсенді оқушыларын, мектеп Президентін сайлау</p> <p>«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы</p> <p><i>Талап: технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету</i></p> <p><i>Ар-ұят: сөзіне берік, ісіне адал болу қоғам игілігі үшін қызмет ету</i></p>	7-11 сыныптар	Сайлау	Хаттама, сайлаудың қорытындысын әлеуметтік желіде жариялау	Аға тәлімгер
5.	<p>25-қазан Республика күні</p> <p>«Менің елім – Қазақстаным»</p>	1 – 4 сынып	Байқау	Бейнеролик жасау,	Музыкалық жетекші Егинбаева А.Р.

	атты республикалық патриоттық әндер байқауы. <b>Ұлттық мүдде:</b> Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;			фотоесеп, сайтқа салу.	«Өзін –өзі басқару» ұйымы
6.	Ақындар айтысы (жеке жоспар бойынша) <b>Талап:</b> <i>Сыни және креативті ойлау</i>	6-11 сыныптар	Танымдық сабақтары, айтыс	Әлеуметтік желілерге жариялау	Тәлімгер
7.	Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл <b>Талап:</b> <i>Білуге, жаңаны тануға құштар болу</i> <b>Ұлттық мүдде:</b> <i>ұлттық мәдениетті дәріптеу</i>	2-3 сыныптар	Тәрбие сағаты	Бейнеролик жасау, әлеуметтік желілерге жариялау	Сынып жетекшілері
8.	Түнгі ауыл көшелері» рейд жүргізу <b>Ар-ұят:</b> <i>әдеп нормаларын ұстану</i>	1 – 11 сынып	Рейд жүргізу	фотоесеп, сайтқа жариялау.	ДТЖО, АӨТД мұғалім Әлеуметтік педагог, Аға тәлімгер
9.	Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны С. Торайғыровтың туғанына 130 жыл	3-6 сыныптар	Сыныпшілік мәнерлеп оқу сайысы Тәрбие сағаты	Фотоесеп, әлеуметтік желілерге жариялау	Сынып жетекшілер, тіл мамандары
10.	«Денсаулық және дұрыс	1 – 11 сынып	Сынып сағаты	фотоесеп, сайтқа	Сынып жетекшілер

	тамақтану мәдениеті» <b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу			жариялау.	Әлеуметтік педагог
11.	Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл <b>Ұлттық мүдде:</b> Ұлттық мұраға ұқыпты қарау	7-9 сынып	Әдеби кеш	Фотоесеп, әлеуметтік желіге жариялау	Тіл мамандары
12.	«Қоғамға қызмет ет» <b>Ұлттық мүдде:</b> Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу <b>Ар-ұят:</b> халқына адал қызмет ету	9-11 сынып	қайырымдылық акциялары, әлеуметтік бағдарланған флешмобтар мен челленджер	Әлеуметтік желілерге жариялау	Өзін-өзі басқару ұйымы
13.	«Қыз бала – ұлттың ұяты, халықтың шырайы» <b>Ар-ұят:</b> отбасының, өз ортасының абыройын асыру	9 – 11 сынып қыздары	Дөңгелек үстел	фотоесеп, сайтқа жариялау.	Мектеп психологы ДТІЖО Әлеуметтік педагог
14.	Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл <b>Талап:</b> білуге, жаңаны	9-11 сынып	Шығарма, эссе жазу	әлеуметтік желілерге жариялау	Тіл мамандары, кітапханашы

	<i>тануға құштар болу</i> <b>Ұлттық мүдде:</b> қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту				
15.	«Алтын күз-2023» (жеке жоспар бойынша) <b>Талап:</b> физикалық белсенді болу <b>Талап:</b> дұрыс қарым-қатынас орната білу	1-11 сыныптар	Байқау, суреттер көрмесі	әлеуметтік желілерге жариялау	Сынып жетекшілер, музыкалық жетекші ДТЖО, өзін-өзі басқару ұйымы, тәлімгер
16.	«Адалдық – атадан қалған мұра» ұрпақтар сабақтастығын насихаттау («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) <b>Ар-ұят:</b> адал еңбекті құрметтеу	1-4 сыныптар  10-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағаты жоспары, әлеуметтік желіге жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
17.	Мектеп оқушыларының Республика күніне арналған мектепшілік пікірсайыс турнирі (қазақ, орыс лига) <b>Талап:</b> жеке және командамен жұмыс істей білу <b>Талап:</b> ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық	8-11 сынып	пікірсайыс	Әлеуметтік желілерге жариялау	Дебат жетекшісі Айтмағанбетова А.Т.
18.	«Қоғамдық игілікке қызмет ету» (Еріктілер ұйымы туралы ақпарат беру)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер, сынып



	<p>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы</p> <p><b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу</p> <p><b>Ар-ұят:</b> халқына адал қызмет ету</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету</p>				жетекшілер
19.	<p>«Мемлекеттік рәміздерді қадірлеймін»</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу</p>	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағаты жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
20.	<p>Аталар, әжелер, әкелер, аналар мектебі</p> <p><b>Ар-ұят:</b> отбасының, өз ортасының абыройын асыру</p>	1-11 сыныптар	Клуб құру	Жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, аға тәлімгер

21.	<p>Жасөспірім кезіндегі мектеп оқушыларын тәрбиелеу мәселелері. Оларды жеңу жолдары.</p> <p><i>Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану</i></p> <p><i>Талап: дұрыс қарым қатынас орната білу</i></p>	7-9 сынып	Әңгіме, дөңгелек үстел	Анықтама, фотоесеп	Мектеп психологы
22.	<p>Демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Жолда жүру ережелері</p> <p>Күзгі демалыста оқуға арналған әдебиеттер тізімі</p> <p><i>Талап: салауатты өмір салтын ұстану</i></p> <p><i>Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігі қамтамасыз етуге дайын</i></p>	1-11	төртінші апта	сынып сағаты	нұсқаулыққа қол қою, сынып жетекшілер

## ҚАРАША – Поэзия айы

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны/ мерзімі	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>					
1	15 қараша – Ұлттық Теңге күні «Ұлттық валюта – ұлт мақтанышы» <b>Ұлттық мүдде:</b> <i>Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу</i> <b>Талап:</b> <i>Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау</i>	1-11 сынып	Кітап көрмесі	фотоесеп, сайтқа жариялау.	Мектеп кітапханашысы Сатаева Ш.К.
2	«Теңге тәуелсіздік символы» <b>Ұлттық мүдде:</b> <i>Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу</i> <b>Талап:</b> <i>Уақыт пен қаржыны тиімді</i>	1-11 сынып	Сынып сағаттары	фотоесеп, сайтқа жариялау.	Сынып жетекшілер

	<i>жоспарлау</i>				
3	<p>«Қатігездік пен зорлық зомбылықсыз балалық шақ»</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу</p> <p><b>Ар-ұят:</b> халқына адал қызмет ету</p>	8-11 сынып	Тәрбие сағаттары	Анықтама, фотоесеп, сайтқа жариялау.	Сынып жетекшілер Мектеп психологы
4	<p>Кәмелетке толмағандар арасында жыныстық тәрбиенің алдын алу.</p> <p><b>Ар-ұят:</b> әдеп нормаларын ұстану</p>	9-11	дөңгелек үстел	Анықтама, фотоесеп	психолог, ауылдық пункттің медбикесі
5	<p>«Зорлық зомбылықсыз 16 күн»</p> <p>«Біз зорлық – зомбылыққа қарсымыз» (жеке жоспар бойынша)</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу</p>	1-5 сынып	Науқан Тренинг	Суреттер көрмесі фотоесеп, сайтқа жариялау.	Мектеп психологы Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагог

	<i>Ар-ұят: халқына адал қызмет ету</i>				
6	«Электронды темекінің зияны» <i>Талап: салауатты өмір салтын ұстану</i>	5 – 8 сынып	Тәрбие сағаты	фотоесеп,сайтқа жариялау.	Сынып жетекшілер
7	Халықаралық ЖИТС-пен күрес күніне арналған айлық (жеке жоспар бойынша) <i>Талап: салауатты өмір салтын ұстану</i>	7-11 сыныптар	Тәрбие сағаттары, дөңгелек үстел, сауалнама	Әлеуметтік желілерге жариялау 1 қараша мен 1 желтоқсан аралығы	Мектеп психологы Сынып жетекшілер
8	«Әкеге-ізет, анаға – құрмет» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) <i>Ар-ұят: отбасының, өз ортасының абыройын асыру</i> <i>Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану</i>	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
9	«Тарихи жәдігерлерді сақтау мемлекет міндеті» <i>Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу</i> <i>Ар-ұят: халқына адал</i>	«Дебат» клубы	Пікірсайысы	фотоесеп,сайтқа жариялау.	Айтмағанбетова А.Т. «Дебат» клубының жетекшісі

	<i>қызмет ету</i> <b>Ұлттық мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету				
10	«Ал, қанекей әжелер!» <b>Ар-ұят:</b> әдеп нормаларын ұстану	1-4 сыныптар	Әжелер клубы сайысы	Әлеуметтік желілерге жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер
11	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Саналы ұрпақ» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) <b>Ар-ұят:</b> әдеп нормаларын ұстану <b>Ұлттық мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету	7-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекші, аға тәлімгер
12	«Ұлттық ойындар-ұлт қазынасы» <b>Ұлттық мүдде:</b> ұлттық мұраға ұқыпты қарау	5 – 7 сынып	Асық ойындары	фотоесеп,сайтқа жариялау.	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Калиев С.К.

13	<p>«Дұрыс тамақтану пирамидасы»  <b>Ар-ұят:</b> әдеп нормаларын ұстану  <b>Талап:</b> салауатты өмір салтын ұстану</p>	5-8 сынып	Ақпараттандыру	фотоесеп,сайтқа жариялау.	ДТІЖО Медбике.
14	<p>Оқушылар арасында сауалнама  «Терроризмге қарсы қауіпсіздік»  <b>Ар-ұят:</b> халқына адал қызмет ету  <b>Ұлттық мүдде:</b>  Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу</p>	5-11 сыныптар	Сауалнама жүргізу	Сауалнама нәтижесі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер

## ЖЕЛТОҚСАН – «Қазақстан - Ұлы дала елі»

➤ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны/мерзімі	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
1.	1-желтоқсан Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күні «Ертеңді ойласаң - есірткіге жолама!» <b>Талап: салауатты өмір салтын ұстану</b>	5-11 сынып	Науқан	фотосеп,сайтқа жариялау.	ДТІЖО, әлеуметтік педагог психолог
2.	«Көк тудың желбірегені» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) <b>Ұлттық мүдде:</b> Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу	1-4 сыныптар	Тәрбие сағаты, челлендж	Сынып сағаты жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекші
3.	«Тарих пен тіл тамырлас» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) <b>Ұлттық мүдде:</b>	1-11 сыныптар	Тәрбие сағаты	Фотосеп, әлеуметтік желілерге жариялау	Тарих пәнінің мұғалімі Айтмағанбетова А.Т.



	<i>ұлттық мұраға ұқыпты қарау</i>				
4.	«Елін қорғаған батыр аталар» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) <b>Ұлттық мүдде:</b> <i>ұлттық мәдениетті дәріптеу</i>	3-6 сынып	бейнефильмдер, мультфильмдер топтамасын көру.	фотоесеп, сайтқа жариялау.	Сынып жетекшілер
5.	«Тәуелсіздік - еліміздің ерлік жолы» <b>Ұлттық мүдде:</b> <i>ұлттық мәдениетті дәріптеу</i>	1-11 сынып	кітап көрмесі	фотоесеп, сайтқа жариялау.	Мектеп кітапханашысы Сатаева Ш.К.
6.	Мектептегі буллингтің алдын алу <b>Талап:</b> <i>дұрыс қарым-қатынас орната білу</i>	5-11 сынып	Тренинг	Анықтама, фотоесеп, сайтқа жариялау.	Мектеп психологы
7.	ҚР Тәуелсіздік күніне арналған " <b>Менің елім</b> " балалар суреттерінің көрмесі	1-4 сынып	Суреттер байқауы	Әлеуметтік желілерге жариялау	Көркем еңбек пәнінің мұғалімі
8.	«Үнемі оқитын адам – табысты адам» (Оқуға құштар	3-5 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып

	<p>мектеп) жобасы  <b>Талап:</b> білуге,  жаңаны тануға  құштар болу.  Технологиялық және  цифрлық  дағдыларды  ілгерілету</p>				жетекшілер
9.	<p>«XXI-ғасыр  көшбасшысы»  <b>Талап:</b> технологиялық  және цифрлық  дағдыларды ілгерілету</p>	8-11 сынып	Интеллектуалды ойын	фотоесеп,сайтқа жариялау.	Тәлімгер, Өзін өзі басқару ұйымы
10.	<p>«Тәуелсіздікке ат салысқандар»  <b>Ұлттық мүдде:</b>  Ұлттық мәдениетті дәріптеу</p>	1-11 сынып	Сынып сағаты	фотоесеп,сайтқа жариялау.	Сынып жетекшілер
11.	<p>16 желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік Күніне мерекелік концерт  <b>Ұлттық мүдде:</b>  Ұлттық мәдениетті дәріптеу  Ар-ұят: өз отбасының, сыныптың</p>	1-11 сынып	Мерекелік концерт	фотоесеп,сайтқа жариялау.	Сынып жетекшілер, музыкалық жетекші, тәлімгер

12.	Жеке бас тазалығын сақтау. Тұмаудан сақтанудың басты жолы» алдын алу шаралары <b>Талап:</b> салауатты өмір салтын ұстану	1-11 сынып	Кеңес беру	фотоесеп,сайтқа жариялау.	Сынып жетекшілер, Ауыл медбикесі
13.	«Ұлттық мектеп лигасы» жобасын іске асыру, білім алушылардың денсаулығы мен әлауқатын нығайтуда спорттық ойындар өткізу <b>Талап:</b> салауатты өмір салтын ұстану	1-11 сынып	Спорттық ойындар	Фотоесеп, анықтама	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері, Аға тәлімгер
14.	«Абайлаңыз! Отшашу мен пиротехника!» <b>Талап:</b> технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету	1-11 сынып	Ақпараттандыру	фотоесеп,сайтқа жариялау.	Сынып жетекшілер
15.	«Ұл бала мен қыз бала достығы» <b>Талап:</b> дұрыс қарым-қатынас орната білу	5-11 сынып	Дөңгелек үстел Сауалнама	фотоесеп,сайтқа жариялау.	Аға тәлімгер Мектеп психологы ДТІЖО, әлеуметтік педагог

	<p>Дөңгелек үстелдер, әңгімелер шеңберінде әртүрлі спорт түрлері бойынша білім алушылармен белгілі спортшылармен онлайн кездесу ұйымдастыру</p> <p><b>Талап:</b> салауатты өмір салтын ұстану</p>	10-11 сыныптар	Дөңгелек үстел	Дөңгелек үстелдер, әңгімелесу	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тәлімгер, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері
16.	<p>Жаңа жылдық кеш «Қысқы демалыс кезіндегі қауіпсіздік»</p> <p><b>Талап:</b> технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету</p>	1-11 сынып	Мерекелік кеш Қолхат	фотоесеп, сайтқа жариялау.	Музыкалық жетекші Сынып жетекшілер